



ШЕШІМ

30.11.2020

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 549/76-VI

№

город Нур-Султан

**«Нұр-Сұлтан қаласының аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы»  
Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы  
15 қаңтардағы № 349/43-VI шешіміне өзгерістер  
енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 10-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының «Нұр-Сұлтан қаласының аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі міндеттерінен босату туралы» 2020 жылғы 18 қыркүйектегі № 24/326 қаулысының негізінде Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 15 қаңтардағы № 349/43-VI шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

Нұр-Сұлтан қаласының аумақтық сайлау комиссиясының шығып қалған мүшесінің орнына «ADAL» саяси партиясы» ҚБ Бақыт Ғазизқызы Бектемісова сайлау комиссиясының мүшесі ретінде сайлансын.

2. Бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты  
сессиясының төрайымы

Г. Данбаева

Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихаты хатшысының м.а.

М. Шайдаров